

ТЕМІР АУДАНЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ



"БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
СТРАТЕГИЯСЫ - МЕМЛЕКЕТТІҢ,
ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ ФАКТОРЫ"

тамыз кенесінің

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

августовского совещания

«ИННОВАЦИОННАЯ СТРАТЕГИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАК ФАКТОР УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА,
ОБЩЕСТВА И ЛИЧНОСТИ»



МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	3
Айжарикова М.Б. Ұзындыққа секіру. Қозғалмалы ойындар.....	4
Айтжанова М. А. Ежелгі Грекия мен Римнің сәулет стилі.....	5
Айтмағанбетова А.Ә. 48 2, 480 2, 480:20 түріндегі бөлу.....	6
Ақпағамбетова Қ. С. Мата туралы түсінік.....	8
Ақылбекбаева Ғ.К. Ғылым таппай мақтанба Абай Құнанбаев.....	9
Алипова Д.К. "Бір бала" музыканың бастауы - халық әуендер.....	11
Алипова М.Ж. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті.....	12
Алипова М.Ж. Алтын балық.....	15
Алписбаева Ж.С. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияны қолдану.....	16
Алчурина Н.Д. Ғылым мен білімнің дамуы.....	18
Артықбаева Ы.Н. Балабақшада ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы.....	20
Арысова М.С. Мен мектепке дейінгі білім беру әдіскерімін.....	21
Арыстанғалиева Д.К. «Мен соғысты жек көрем». Қайрат Жұмағалиев.....	22
Арыстанғалиева А.К. Сәулет өнері.....	23
Атажанова Д. Р. ЕҮОБ пен ЕКОЕ есептер шығару.....	25
Атраубаева Б.Қ. Қазақ тілі сабағында қолданылатын шығармашылық тапсырмалар.....	26
Абдигалиева А.С. Ядролық әрекеттесу ядролық күш. Масса ақауы. Ядроның байланыс энергиясы.....	28
Байдышева А. А. Ашық тұқымды өсімдіктер.....	29
Байжанова Л.Н. Жамбылдың отаншыл өлеңдері.....	31
Байнакова С.А. Шетелде оқығын келсе... Бастауыштан кейін қойылатын сызықша.....	32
Бакытжанова А.Е. Қысым қызықтары.....	33
Бегимова Р.Н. Цифрға байланысты есептер.....	35
Бердіғалиева А. О. Су қоймасы өсімдіктері мен жануарлары.....	36
Бисенова Г. М. Төрт түлік-халық қазынасы.....	39
Болатбаева С.А. Алдар көсе мен бай баласы.....	41
Ғаббасова А.С. Let's phone me!.....	43
Ғаббасова Д.С. Ағылшын тілі сабағында қолданылатын бағалау әдістері.....	44
Далина Г.К. Рационал бөлшектер және оларға амалдар қолдануға есептер шығару.....	46
Даумова А. Тынық мұхит.....	47
Демесинова А.А. Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің маңызы.....	48
Жумаева С.М. Халықты қамықтырған қаралы жылдар.....	50
Джумалиева Л.И. Диагностика уровня подготовленности учащихся к ЕНТ.....	52
Досанова Г.Н. ҰБТ тапсыратын мектеп бітіруші түлектердің психологиялық дайындығын арттырудың өзекті мәселелері.....	53
Досқалиева Г. Қ. Сырым Датұлы бастаған кіші жүз қазақтарының 1783-1797 жылдардағы көтерілісі.....	56
Досова Г.Н. «Л» дыбысын сөзде дұрыс айтуға машықтандыру.....	58
Достанова Қ. Кикілжің және зорлық.....	59
Дүзелбаева Г. Д. Силикат өнеркәсібі.....	61
Дынбаева Р.Е. Точка в конце предложения. С. Муканов «Родная степь».....	64
Едигеева А.А. Письменные приемы умножения и деления многозначных чисел на однозначное число.....	66
Ербатырова С. Сарыарқа.....	67
Ермұханова Г.М. Судын еріткіш қасиеті (тәжірибелік жұмыс).....	69
Ермұхатова М. И.А. Крылов «Лебедь, щука и рак».....	71
Есетова С.Ж. 7 санын қосу және азайту.....	73
Жалғасбаева М.Е. Зат есімнің тәуелденуі.....	74
Жұбанова Г.Е. Бала-басты байлығымыз.....	75
Жұмабаева Ә.А. С.Мұқанов «Жылқы» әңгімесі.....	77
Жұлдызбай Қ.Б. Мағжан Жұмабаев «Мен кім?».....	79
Идирисова Ғ.Ж.Сан есім.....	80
Илясова М.К. Өткен шақтың түрлері жедел өткен шақ.....	83
Иманиязов Ж.Б. Сәндік қолданбалы өнер.....	85
Имансафина Қ. Функцияның экстремумдары.....	87
Ишниязова А.И. Бір-бірінен қарама-қарсы бағыттағы қозғалысқа берілген есептер.....	89
Қайболдина А. Ашық тұқымды өсімдіктер бөлімі.....	91
Қалмағанбетова Б.М. Мақал-мәтелдердің үш тілде берілу әдістемесі.....	92
Қарабекова Г.Б. Қазақтың мұстафасы.....	94
Кенетаева Н.А. Ойынның білімділік, тәрбиелік мәні.....	97
Кенжебекова А.Н. Қазақстанның пайдалы қазбалары.....	98
Кереева Ж.К. Шығармашылыққа баулу әдістемесі.....	100
Құдайбергенова Д. Үшбұрыштар.....	103

Не білдік? Теріп жаз *аю, тулкі, тұңғиық, алабұға, қасқыр, тиін, кәмшат, саргалдақ, көртышқан, балдырлар, тоспа ұлу, ақбөкен, қарақұйрық, құндыз, жусан.*

Сұрақтар ордасы.

1. Су қоймасының қандай түрлері бар?
2. Құндыз қай өзенде кездеседі?
3. Инелік қандай жәндік оның дәрісілі қайда тіршілік етеді?
4. Тұңғиықтардың тамыры қайда бекиді?
5. Су өсімдігінің құрлық өсімдігінен ерекшелігі
6. Сүңгуір қоныз қандай жәндік?
7. Өз жеріміздегі су қоймаларында кездесетін өсімдіктер мен жануарларды атап айт.

IV. Үйге тапсырма: Су қоймасы өсімдіктері мен жануарлары тақырыбын түсініп оқып келу. Өз жерімізде кездесетін өсімдік, жануарлар туралы мағлұмат жинау.

V. Қорытынды.

- Бүгінгі сабақта қандай тақырыппен таныстық?
 - Нені білдік?
 - Нені үйрендік? (оқушылардың ойларын тыңдау) Сабақты қорытындылау.
- Оқушыларды мадақтау. Бағалау.

ТӨРТ ТҮЛІК-ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Бисенова Гүлвера Мұханбеткалиқызы,
«Балапан» балабақшасының тәрбиешісі.

1. Мәселе. Төрт түліктің адам өміріне тигізер пайдасы қандай?

Көрнекіліктер: жайлау макеті

Дамытушылық: Балалардың сөздік қорларын дамыту.

Қос тілділік: сиыр-корова, қой-баран, ешкі-коза, жылқы-лошадь

Әдіс-тәсілдері: Жұмбақ шешу, ойын ойнау, өлең оқу, әңгімелесу, Д/О

Сабақтың түрі: Саяхат сабақ.

Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлем сөздің анасы

Тобымызға келіп отырған

Апайларға қарашы.

Бәріне де ізетпен

Біздер сәлем берміз

Қайырлы таң, апайлар!

Қош келдіңіздер !

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Айтыңдаршы қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем.

Тәрбиеші: Дұрыс осы көктем мезгілінде неше ай бар?

Балалар: Наурыз, сәуір, мамыр

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, жайлауға жұрт қай уақытта шығады?

Балалар: Көктемде.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі ауа райы өте керемет екен. Мен сендерге жайлауға атпен, арбамен шығатын. Бүгін біз де атпен жайлауға барамыз. (Қабырғада аттар сүйеулі тұр).

- Міне, біздің арғымақтарымызда әзір тұр. Атқа мінеміз. (Балалар бір-бір ойыншық аттарды алып мініп, бірінің артынан бірі тұрып, дайындала бастайды. Күй орындалып тұрады, балалар жайлауға келеді.)

Тәрбиеші: - Ал біз, жайлауға да келіп жеттік. Бәріміз көзімізді жұмып таза ауада дем алайықшы. (Көздерін жұмып, тыныс алады)

Тәрбиеші: Біз саяхатқа қайда келдік?

Балалар: Жайлауға келдік,

Тәрбиеші: Жайлауға немен келдік?

Балалар: Атпен. (Алдарынан Шопан ата шығады)

Тәрбиеші: Дұрыс, жайлауға келдік. Шопан ата да осында екен.

Сәлеметсіз бе? (Балалар Шопан атамен амандасады)

Шопан ата: - Ой, айналайындар, өркендерің өссін, біздің жайлауға келгендеріңе


Қуаныштымын. Төрге шығындар.

Тәрбиеші: Балалар Шопан ата қойдың иесі.

Шопан ата: Балалар, менін сендерге тапсырмам бар, айтыңдаршы төрт түлік

Малға не жататынын білесіңдер ме?

Балалар: Жылқы, сиыр, қой-ешкі, түйе жатады.



Тәрбиеші: Дұрыс-ақ. Неліктен осы жануарларды төрт түлік деп атаймыз.

Балалар: Себебі олар үй-жануарлары. Үйде өсіріледі. Қорада күтіп баптайды.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар.

Шопан ата: Балалар тақталағы суркетке қарап төрт-түлікке сипаттама беріндерші.

-Жылқы-ірі, әдемі жануар. Жылқының төлі құлыншақ. Етінен қазы-карта, жал-жая әзірленеді. Жылқының орысша атауы-лошадь. Жылқының жүйрігі - жорғасы болады.

-Сиыр сүтті жануар. Еті де, сүті де пайдалы. Сүтінен құрт, ірімшік, қаймақ, май, айран жасайды. Сиырдың төлі-бұзау. Орысша атауы-корова.

-Түйе-төрт түліктің төресі. Екі өркеші бар, бір өркешті де түйе болады. Түйенің төлі бота. Шөлге шыдамды. Орысша атауы-верблюд. Сүтінен шұбат жасайды.

-Кой-бұйра жүнді болады өте момын. Түстері әртүрлі болады. Оның төлі-козы. Терісін илеуге болады. Қолғап, шұлық тоқиды. Орысша атауы-баран.

-Ешкі-тынымсыз жануар. Тастан-тасқа секіріп тыным таппайды. Оның төлі-Лак. Сүті пайдалы. Орысша атауы-коза.

Тәрбиеші: Енді балалар бойымызды сергітіп алайықшы. Төлдер әнін шыркап жіберейікші.

Шопан ата: Жарайсыңдар, балалар. Ендігі сендерге тапсырмалы төрт ұяшықты таңдау арқылы тапсырмаларды орындауларың керек.

Тәрбиеші: Дұрыс, жарайсыңдар. Олай болса, 3 ұяшыққа келіп жеттік.

1-ұяшық	2-ұяшық	3-ұяшық	4-ұяшық
1. Төрт түліктің төлдерін шақыруы 2. «Малдың баласын сүюі» 3. Төрт түлік осы біліп қой тақпақтар	1. Жұмбақ шешу Үстінде қос қорабы Мінсең көлік болады Жакындаса қасына Қорқытады баланы Үстінде екі тауы бар Кезікті бір жануар (Слайдтан түйе көрсету) 2. Екі айнасы бар Екі найзасы бар Төрт жылтырмағы бар Бір шыбыртқысы бар. (сиыр көрсету) 3. Екеуі елендеп келеді Төртеуі тбелесіп келеді. (жылқы) 4. Кішкене ғана бойы бар, Үстінде жылы тоны бар. (кой көрсету) 5. Басында екі таяғы бар. Бірақ, сақалы бар (ешкі көрсету)	Қандай ырымдар мен тыйымдар білесіңдер	Бейнеролик, Суреттер

Тәрбиеші: Өте жақсы. Балалар біздер төрт түлік туралы көп біледі екенбіз.

Айтыңдаршы Малдың жайылатын жері қалай аталады.

Балалар: Өріс, жайылым.

Тәрбиеші: Мал бағуға байланысты қандай кәсіп түрлерін білесіңдер?

Балалар: Сиырды бағатын адамды- бақташы, қойды бағатын адамды-қойшы. Жылқы бағатын адамды- жылқышы. Сиыр сауатын адам-сауыншы.

Дидактикалық ойын: Кім қалай дыбыстайды?

Тәрбиеші: Мен қазір қандай жануарды көрсетсем, сол жануардың қалай дыбыстайтынын айтасыңдар.

Сиыр-мө-мө мөңрейді.

Кой-ешкі-мә-мә, маңырайды.

Жылқы-е-е-е кісінейді.

Түйе боздайды.

Шопан ата: Жарайсыңдар балалар сендер өте көп біледі екенсіңдер?

Тәрбиеші: Өте жақсы. Балалар біздер жануарлар бізге көп сүт, май, ет беру

Үшін не істеуіміз керек?

Балалар: Шөп беруіміз, сү беруіміз керек.

Тәрбиеші: Балалар, біз бүгін қайда саяхатқа бардық.

-жайлауға.

-жайлауда кімді көрдік?

-Шопан атаны

-Олай болса Шопан атаға қошақан туралы такпақ айтып берейік.

Кіп-кішкене момақан,

Қошақанлы ұнатам

Сүйеді апам, «Қозым» деп

Қошақаным өзін деп

Ән: «Ақ қошақан»

Шопан ата: Айналайындар көп-көп рахмет. Сендерге мен бір қоржын асық берейін. Балабақшаларына барып ойнарсындар. Сендер өте білімді, ақылды екенсіңдер.

Тәрбиеші: Балалар Шопан атаға не дейміз?

Балалар: Рахмет. Шопан ата.

Тәрбиеші: Бүгінгі саяхат сіздерге ұнады ма?

Балалар: Ұнады.

Тәрбиеші: Балалар шопан атамен қоштасып тобымызға барайық.

Балалар: Сау болыңыз.

Шопан ата: Сау болыңдар, айналайындар. Келіп тұрыңдар. (Шопан ата кетеді)

Тәрбиеші: Балалар, осы жоба барысында білгенімізге қалай түйін жасар едік?

Қой жүнінен киіз басар,

Арқан есіп, көрпе жасар

Кисе киім, жесе тамақ,

Мал жоқ шығар одан асар.

Тәрбиеші: Балалар, осы жоба барысында бізге көмектескен ата-аналарға сендерге көп-көп рахмет, жақсы белсенділік таныттыңдар, өз білгендеріңді орттаға салыңдар.

Төрт түлік, яғни үй жануарлары туралы білген мәліметтерің болашақта қажеттеріңе жарайды деп сенемін. Сендерге осы жобадан сыйлыққа ойыншық жылқы табыс етемін.

-Аттарына мініңдер топқа қайтамыз.

Сау болыңыздар апайлар!

Қорытынды: нәтижесінде казак баласының ата-кәсібіміз мал шаруашылығына деген қызығушылығы артты. Малдан алынатын өнімдердің құндылығын ұғына білді. Төрт түліктің қадір-қасиетін, адам өміріндегі қажеттілігімен маңыздылығын түсіне білді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Шешілген жұмбақ Авторы Адырбек Сопыбеков (3-4бет)
2. Мектептегі технология №2 2014ж (5-6 бет)
3. Жануарлар әлемі Р.Сағымбеков, Р.Әлімқұлова (4-5 бет)
4. Төрт түлік энциклопедия (1-6 бет)
5. Отбасы және балабақша №3 2013ж (7-8 бет)
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту №4 2012ж (3-5бет)

АЛДАР КӨСЕ МЕН БАЙ БАЛАСЫ

Болатбаева Самал Алпамысовна,
Шұбарши орта мектебі.

Сабактың мақсаты:

Білімділік: Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі аңызбен танысу. Аңыздың негізгі идеясы мен тәрбиелік мәні арқау болған ұлтымыздынасыл қасиеттерін білу. Аңызды өмірмен байланыстыра отырып, ертегі мазмұнын меңгерту. Оқушылардың тапқырлық, шешендік туралы түсініктерін кеңейту.

Дамытушылық: Оқушылардык мәнерлеп оқу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Аңыздағы түйінді ойды анықтай отырып, оқушыларды адамгершілікке, достыққа, бірлікке, шыншылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабак

Әдісі: Сұрақ-жауап, топтық жұмыс, жұппен жұмыс, әңгіме кестесі.

Көрнекілігі: Интербелсенді такта, Алдар көсенің суреті, мультфильмі, ертегі кітаптары.

Қолданылған технология элементтері: сын тұрғысынан ойлау, АТК.

Сабактың барысы

I. Ұйымдастыру.

Қағаз киындааларын таңдау арқылы («Шыншылдар», «Тапқырлар», «Әділеттілер», «Қамқарлар») төрт топқа бөлінеді.